

«Кәсіби этика , балабақшадағы мінез құлық»

Балабақшалардағы педагогтің кәсіби этикасы мен мінез-құлқы – тәрбие мен білім беру үрдісінің іргетасы. Мұғалімнің әр бір сөзі мен қимылы балаға үлгі болып, оның психологиялық дамуына, мінез-құлық нормаларын меңгеруіне тікелей әсер етеді.

1. Педагогтің кәсіби этикасы

1.1. Әдептілік пен сабырлылық:

Педагог әрқашан сабырлы, салмақты дөрекі сөздер мен қатты дауыс көтеруден аулақ болуы керек. Баланың қателігіне шыдамдылықпен қарап, жөндеп түсіндіру – кәсіби борыш.

1.2. Баламен тең қарым-қатынас:

Баланың жасына қарамастан, оның жеке тұлға екенін естен шығармау. Тіл табыса білу, оның көзқарасына құрметпен қарау – этикалық норманың негізі.

1.3. Әділдік:

Барлық балаларға бірдей талап қойып, ешқайсысын алаламау. «Таңдаулы бала» болмайтынын көрсету.

1.4. Жеке шекараны сақтау:

Баланың жеке кеңістігіне құрметпен қарау. Баланың денесіне рұқсатсыз жанасу – этикаға қайшы.

1.5. Құпияны сақтау:

Бала немесе ата – анасы айтқан жеке мәліметтерді құпия сақтау – педагогикалық этиканың маңызды талабы.

2. Мінез – құлық нормалары (балабақша ішінде)

2.1. Үлгі болу:

Педагог өзі айтқан мінез – құлық ережелерін бірінші кезекте өзі ұстануы керек. (мысалы, сәлемдесу, кешірім сұрау, көмек сұрау, алғыс айту).

2.2. Күш қолдануға мүлдем тиым салу:

Баланы ұрып жазалау, қорқыту, жекіру – кәсіби этикаға толықтай қайшы.

2.3. Тәрбиеші – эмоционалдық тұрақты тұлға:

Тәрбиеші эмицияларын басқара алатын, дау-жанжалға бармайтын адам болуы керек.

2.4. Бірізділік пен жүйелік:

Баланы әр күн сайын әртүрлі көңіл күймен қабылдауға болмайды. Мінез тұрақтылығы – баланың ішкі сенімін қалыптастырады.

3. Ата- анамен қарым-қатынас этикасы:

- Сыпайы, ашық, түсіністікпен сөйлесу.
- Баланың мәселесін ата –ананың көзінше айтқанда, әдепті түрде жеткізу.
- Ата –ананың жеке пікірін сыйлау.
- Шешілмеген дауды ұжым алдында емес, оңаша талқылау.

4. Әріптестермен қарым –қатынас:

- Өзара сыйластық, көмек көрсету, ашықтық.
- Өсек пен шағымнан аулақ болу.
- Жұмыс барысында бір –бірін қолдау, тәжірибе алмасуға ашық болу.

Қорытынды кеңес:

Жақсы педагог – тек білім мен тәжірибе беруші емес, ол баланың жүрегінен орын алатын тұлға.

Сондықтан кәсіби этиканы сақтау – тек міндет емес, үлкен жауапкершілік пен ішкі мәдениеттің көрсеткіші.